



QORDAI

ҚОРДАЙ

КОРДАЙСКИЙ
МАЯК

ШАМШЫРАҒЫ

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕНБІ 18 ШІЛДЕ 2026 ЖЫЛ №56 (3533)

ПРЕЗИДЕНТ

ШАНХАЙҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Шанхайға жұмыс сапарымен барды. Ертең Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізеді. Бұдан бөлек, қытай компанияларының жетекшілерімен дөңгелек үстел өтеді. 17 шілде күні Президент Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына (WAIC) қатысады. Жиын «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың жетекші компаниялары басшыларымен кездесті. ҚХР бизнес өкілдерімен «дөңгелек үстел» форматында өткен кездесуде Президент қытайлық серіктестерге шынайы ризашылығын білдіріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікке жоғары баға берді.

– Екіжақты байланыстарымыз бұрын-соңды болмаған деңгейге

көтерілді. Біз Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының жаңа «алтын отыз жылдығына» бірге қадам бастық. Елдеріміздің ықпалдастығы мүлде жаңа сапалық деңгейге шықты деп айтуға болады. Халықтарымыздың арасында өзара сенім, шынайы достық және болашаққа деген ортақ ұстаным бар. Орайлы сәтті пайдалана отырып, елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосқаны үшін қадірлі досым, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мырзаға зор алғыс айтқым келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қытай Қазақстан экономикасына 30 миллиард доллардан астам инвестиция салды» Мемлекет басшысының айтуынша, жоғары деңгейдегі саяси сенім сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге берік негіз қалайды.

– Былтыр екіжақты сауда көлемі 49 миллиард долларға жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қытай Қазақстан экономикасына 30 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Қазір Қазақстанда қытай капиталы бар 8500-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде CNPC, CITIC және Huawei сияқты ірі компанияларды атап өту қажет. Біз Қытай бизнес өкілдерінің Қазақстан экономикасын жаңғыртуға субелі үлес қосып жатқанын жоғары бағалаймыз. Өткен жылдары елдеріміз көптеген маңызды жобаны бірге табысты жүзеге асырды. Соның

нәтижесінде жұмыс орындарын аштық, озық технологияларды енгіздік және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымызды нығайта түстік. Бүгін де жаңа стратегиялық жобаларды бірлесе іске асырып жатырмыз. Атап айтқанда, Sinopec компаниясымен ірі газ-химия кешені, Fufeng Group компаниясымен жүгеріні терең өңдеу зауыты, Lihua Group компаниясымен заманауи мақта-тоқыма кластері құрылысын қолға алдық. Қытайдың автокөлік кәсіпорындары Қазақстанда өндіріс орындарын аша бастады. Мысалы, елімізде HOWO, Yutong және JAC брендтері шығарылады. Былтыр Changan, Great Wall Motor, сондай-ақ Chery мультибрендті автомобиль өндірісі іске қосылды. Бұл жобалар біздің екіжақты әріптестігіміз инновацияға, озық технология мен өнеркәсіпті жаңғырту ісіне негізделіп отырғанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық ғылым мен инновация орталықтарының бірі саналатын Шанхай қаласындағы Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясы қарсаңында бас қосудың символдық мәні зор екенін айтты. Сонымен қатар қатысушыларға Қазақстанның цифрлық трансформацияның басымдықтарын таныстырып, технологиялық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына тоқталды. Президенттің айтуынша, Қазақстан жасанды интеллектіні болашақ экономикалық өсімің басты факторларының бірі ретінде қарастырады, сондай-ақ халықаралық инвесторларды тарту үшін заманауи цифрлық инфрақұрылым жасақтауда.

– Екібастұз қаласындағы Data Center Valley жобасына ерекше тоқталғым келеді. Бұл – еліміздің бірегей стратегиялық бастамасы. Аталған жоба Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия цифрлық инфрақұрылымының негізгі тірегі болады деп санаймыз. Басты мақсат – деректерді өңдеу орталықтарын, бұлтты сервистерді және жасанды интеллект инфрақұрылымын дамытуға арналған халықаралық деңгейдегі платформа қалыптастыру. Инвесторларға толық жабдықталған алаңдар, заманауи инфрақұрылым ұсынылады. Олар тұрақты электр қуатын пайдаланып, арнайы инвестициялық режим аясында жұмыс істей алады. Алайда, осы бағыттағы ауқымды шаруа деректерді өңдеу орталықтарын салумен шектелмейді. Біз біртұтас инновациялық экожүйе қалыптастыруды көздеп отырмыз. Сол арқылы суперкомпьютердің қуаты, жасанды интеллект зертханалары, ғылыми-зерттеу ұйымдары, білім беру бағдарламалары, стартаптар мен экспортқа бағытталған цифрлық қызметтер бір арнаға тоғысады. Біз қытайлық серіктестерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайта түсуге мүдделіміз, – деді Мемлекет басшысы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«Қыстың қамын жаз ойла» деген халық даналығының мәні Қордай өңірінде бүгінде айқын сезілуде. Биылғы көктемде жауған мол жауын-шашын жердің ырысын арттырып, шабындықтардың бітік шығуына қолайлы жағдай қалыптастырды. Белуардан келетін көк майса алқаптарда қазір қызу еңбек қайнап жатыр. Таң бозынан кеш батқанға дейін шөп шапқыш тіркеген тракторлар тоқтаусыз жұмыс істесе, жүк көліктері дайындалған престелген шөпті тасымалдап, маялауға жеткізуде.



КЕЛЕР ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҒУ ҮШІН

Қордайдағы өткен қыс табиғаттың тосын мінезін анық көрсетті. Қалың қар мен ақтүтек боран салдарынан жолдар жабылып, төтенше жағдай жарияланғаны әлі ел жадында. Осындай қиындықтар қысқа ерте қамданудың маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді. Сондықтан аудан шаруалары биылғы мал азығын молынан дайындауға бар күш-жігерін жұмылдыруда.

Өткен жылы аудан бойынша 267,5 мың тонна шөп, 15 мың тонна пішендеме және 17 мың тонна сүрлем дайындалған болатын. Бұл қор малды қыстан қысылмай алып шығуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар көктемгі төл алу науқанына қажетті азық қоры да алдын ала жасақталып, 314,2 мың тонна шөп пен 58 мың тонна құнарлы жем дайындалған еді.

Биыл табиғаттың қолайлы болуы шаруаларға зор мүмкіндік беріп отыр. Мал азығын дайындау жоспары өткен жылғы көрсеткіштен кем болмай, керісінше одан асыра орындалады деген сенім мол. Себебі көктемгі жауын-шашынның мол түсуі шөптің бітік шығуына ерекше әсер етті.

Аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сәйкес, биыл Қордай ауданында 27 726 гектар алқапта мал азығы дайындалады. Оның ішінде 23



840 гектар көпжылдық шөп, 9 038 гектар табиғи шабындық және 400 гектар сүрлемдік дақыл алқабы бар. Осыған қосымша жерден шөпті дер кезінде шауып, престеп, тасымалдап, маялау – үлкен жауапкершілік пен қомақты техникалық мүмкіндікті талап етеді.

Қазіргі таңда аудандағы шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы құрылымдары техникаларын толық әзірлеп, науқанды ұйымшылдықпен жүргізіп жатыр. Әрбір ашық күнді тиімді пайдалануға тырысқан еңбеккерлер уақытпен санаспай жұмыс істеуде. Себебі шөп жинау аяқталған соң алда дәнді және азықтық дақылдарды жинау науқаны басталады.

Қордайлық шаруалар үшін мол өнім – қысқы қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан әр бума шөп, әр мая мал азығы ертеңгі күннің берекесі ретінде бағалануда.

СЕССИЯ

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ
ШЕКАРАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ
ТУРАЛЫ

15 шілдеде Қордай аудандық мәслихаты төрағасының міндетін атқарушы Қарлығаш Қыпшақбаеваның төрағалығымен аудандық мәслихаттың сессиясы өтті, оның жұмысына депутаттардан басқа аудан әкімінің орынбасары Жұлдызбек Бақаев, кейбір аудан әкімдігі бөлімдерінің басшылары және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қатысты.

Депутаттар «Жамбыл облысы Қордай ауданы елді мекендерінің шекараларын (шектерін) белгілеу туралы» мәселені қарады, ол бойынша егжей-тегжейлі баяндаманы аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғабит Сейдекеш берді.

Одан бөлек, «Жамбыл облысы Қордай ауданы бойынша 2026-2030 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын бекіту туралы» және «Қордай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы».

Жан-жақты талқылаудан кейін депутаттар тиісті шешімдер қабылдады.

ТАҒАЙЫНДАУ

Қордай ауданы әкімінің 2026 жылғы 13 шілдедегі №55 ө-ж/қ өкімімен **БІРІМҚҰЛОВ АЙДАР БЕКМҰХАНБЕТҰЛЫ** Жамбыл ауылдық округінің әкімі болып тағайындалды.



Айдар Бекмұханбетұлы 1987 жылы 2 желтоқсанда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ақтерек ауылында дүниеге келген.

Ұлты - қазақ. Білімі - жоғары.

2009 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін, «Биология және экология» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Қордай ауданы Қордай ауылдық округі әкімі аппаратында әлеуметтік қызметкер болып бастаған.

2012-2013 жылдар аралығында Қордай ауданы Қасық ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман, 2013-2017 жылдар аралығында Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінде бас маман, 2017-2018 жылдар аралығында Қордай ауданы әкімі аппаратында бас инспектор, 2018-2026 жылдары Қордай ауданы Жамбыл ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарған.

Үйленген. 5 бала тәрбиелеуде.

Қордай ауданы әкімінің 2026 жылғы 13 шілдедегі №56 ө-ж/қ өкімімен **ӘЛИЕВ АРМАН МАНАТҰЛЫ** Қаракемер ауылдық округінің әкімі болып тағайындалды.



Арман Манатұлы 1984 жылы 11 қарашада Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қаракемер ауылында дүниеге келген.

Ұлты - қазақ. Білімі - жоғары.

2006 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы Қордай ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтері болып бастаған.

2007-2008 жылдар аралығында «Отау - Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде оператор, 2008-2012 жылдары Қордай ауданы әкімі аппаратының кадрлық және мемлекеттік - құқықтық жұмысы бөлімінде бас маман, 2012-2014 жылдар аралығында Қордай ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру - инспекторлық жұмысы бөлімінде бас инспектор, 2014-2026 жылдары «Қызылсай» шаруа қожалығы басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

Үйленген, 5 бала тәрбиелеуде.

ҚОҒАМ

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

КОНСТИТУЦИЯ –
ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕШІЛ

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы ресми түрде күшіне енді. Бұл маңызды оқиға еліміздің құқықтық жүйесінде тың дәуірдің басталуын білдіреді және мемлекеттік құрылымның, азаматтар құқықтары мен бостандықтарының жаңаша көзқараспен реттелуін қамтамасыз етеді. Осы тарихи кезеңге орай, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігіне қарасты 21450 әскери бөлімінің мәдени орталығында арнайы жиын ұйымдастырылды.

Жиынға офицерлер, келісім шарт бойынша әскери қызметшілер және жас сарбаздар қатысып, жаңа Ата заңның маңыздылығы мен оның еліміздің болашағына тигізетін әсері туралы кеңінен мәлімет алды. Іс-шараға Қордай аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Таңат Қабылтай, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков, аудандық ақсақалдар алқасының өкілі Мықтыбек Алтыбай, сондай-ақ «Отечество» слаян этно-мәдени бірлестігінің

саласына қатысты тұстарын кеңінен талқылады. Қорғаныс саласының қызметкерлері үшін бұл маңызды жаңалықтардың барлығы қызметтік тәртіп пен әскери борышты атқаруда қосымша құқықтық негізді қалыптастырады. Жаңа заң аясында әскери қызметшілердің құқықтары мен жауапкершілігі, олардың өмір сүру жағдайын жақсарту мәселелері ерекше орын алғаны айтылды.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Таңат Қабылтай жаңа Конституцияның елдің тұрақтылығы мен дамуына, азаматтардың құқықтары мен мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға бағытталғанын нақтылап, бұл маңызды құжаттың әрбір азаматтың өмірінде, әсіресе қорғаныс күштерінің жұмысында үлкен маңызға ие екенін атап өтті. Ал аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков мемлекет пен қоғамның мызғымас негізі болып табылатын Конституцияның жаңа нормаларының әлеуметтік келісім мен құқықтық тәртіпті нығайтатынын баса айтты.

Сонымен бірге, Мықтыбек Алтыбай мен Любовь Харченко жаңа Конституцияның



жетекшісі Любовь Харченко қатысты. Олардың әрқайсысы жаңа Конституцияның негізгі ерекшеліктерін ашып айтып, қоғам мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыруға күш жұмсады.

Жиында жаңа Конституцияның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге, мемлекеттік биліктің тармақтары арасындағы теңгерімді нығайтуға бағытталған өзгерістері айрықша назарға алынды. Құжатта азаматтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарының қорғалуы тиісті деңгейде қамтамасыз етіліп, заң алдында бірдейлік принципі анық және нақты көрсетілген. Бұл өз кезегінде, әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесін көтеріп, олардың әлеуметтік кепілдіктері мен міндеттерін жаңа заман талабына сай қайта қарауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, жиында аудан өкілдері Конституцияның ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс

этникалық және мәдени әртүрлілікті қолдауға бағытталған баптарына ерекше мән берді. Олар Қазақстанның көпұлтты қоғам ретінде дамуында бұл құжаттың ұлттар арасындағы келісім мен ынтымақтастықты күшейтуге зор үлес қосатынын түйіндеді.

Жаңа Конституция Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды кезеңді белгілеп, мемлекеттің құқықтық негізін жаңғыртты. Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери бөлімдегі бұл жиын жаңа заңнаманың мазмұнын терең түсініп, оны әскери қызметтің әрбір деңгейінде дұрыс жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі ретінде есте қалды. Елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығының басты кепілі саналатын аға ұрпақ пен жас сарбаздардың жаңа Ата заңға деген құрметі мен ұғынуы – еліміздің жарқын болашағының маңызды тірегі.

Ә.ДҮЙСЕНҰЛЫ

ҚОҒАМ

ЦИФРЛАНДЫРУ – ДАМУДЫҢ КІЛТІ



Қазақстан азаматтарының әлеуметтік қолдау жүйесінде маңызды жаңалық енгізілуде. Бұдан былай жәрдемақыларды алу үшін құжаттар қағаз күйінде тапсырылатын дәстүрлі жолдан цифрлық жүйеге көшу қолға алынды. Бұл құжаттарды цифрландыру, мемлекеттік қызметтердің тұтастай автоматтандырылуы отбасылардың әлеуметтік жағдайын тиімді әрі жылдам мониторингтеуге мүмкіндік беретін үлкен қадам болып отыр.

Мұндай жаңғырулар Қордай ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өткен маңызды жиында талқыланды. Бұл жиынға аудан әкімінің орынбасары Нұрболат Сатымқұл, тиісті бөлімдер мен мекемелердің өкілдері және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Отбасының цифрлық картасы еліміздегі 24 мемлекеттік ақпараттық жүйемен интеграцияланған кешенді платформа ретінде жасақталған. Бұл жүйе қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатын түсінуге мүмкіндік беретін аналитикалық құрал ретінде қызмет етеді. Мұндай үлкен көлемдегі мәліметтерді ретке келтіру, сараптау өте күрделі процесс екенін атап өткен жөн. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметіне сүйенсек, цифрлық картада азаматтардың дерекқоры мұқият сараланып, одан кейін олар отбасыларға біріктіріледі. Бұл отбасының нақты әлеуметтік жағдайын дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Цифрлық картаның пәрменділігі – оның көмегімен 12 түрлі әлеуметтік төлем мен жәрдемақыны онлайн рәсімдеуге болады. Бұл – бала туу және күтім бойынша жәрдемақылар, мүмкіндігі шектеулі балаға күтім көрсету, жұмыссыздық бойынша төлемдер, асыраушысынан айырылу жағдайындағы

жәрдемақылар және «Күміс алқа», «Алтын алқа» сияқты марапаттарға қатысты әлеуметтік төлемдерді қамтиды. Осы процестің тағы бір ерекшелігі – көмекке өтініш беру уақытында көшігіп қалған азаматтарға автоматты түрде sms хабарлама жіберу. Егер хабарлама расталса, онда мемлекеттік қызмет көрсетілуі автоматтандырылған жүйе арқылы іске асады, яғни өтініш берушіге қосымша қиындықтар туғызбай, қажетті қолдау уақтылы беріледі.

Аудан әкімінің орынбасары Нұрболат Ақынғалиұлының айтуынша, отбасының цифрлық картасы – бір үй шаруашылығының әлеуметтік жағдайын кешенді түрде анықтап, отбасына қажетті мемлекеттік қолдаудың түрін нақтылайтын маңызды құрал. Мысалы, отбасының жалпы табысы, мүлкі, әлеуметтік активтері – оның ішінде тұрғын үй, көлік және жеке шаруашылығы бар-жоғы, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу сияқты факторлар бір жүйеге келтіріледі. Бұл деректердің негізінде әр отбасының әлеуметтік жағдайы толық және объективті бағаланады. Нәтижесінде, қажетті қолдау шаралары – жәрдемақылардан бастап басқа да мемлекеттік көмектерге дейін – дәлме-дәл көрсетіледі және азаматтардың уақытында қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Осылайша, цифрлық технологиялардың интеграциясы және әкімдіктің, мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысы еліміздегі әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің сапасын жаңа деңгейге көтереді. Қағазбастылықтың төмендеуі, қызмет көрсету жылдамдығының артуы, халықтың әлеуметтік мәселелерін шешудегі ашықтық пен тиімділіктің күшеюі – осы процестің айқын пайдасы. Бұл жүйе еліміздегі әлеуметтік саясаттың заманауи талаптарға сәйкес дамуының көрінісі және әрбір қазақстандыққа арналған адал әрі сенімді мемлекеттік қолдаудың көпірі болып табылады.

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА»

Жарқын болашақ – жастардың қолында!

Ауылдарда кадрлар тапшылығы еліміздің дамуына үлкен кедергі келтіріп отырғанын көпшілік біледі. Бұл мәселе, әсіресе, медициналық және білім беру салаларында айқын көрінеді. Ауыл тұрғындарының қажеттіліктеріне жауап беру, қоғамдық денсаулық сақтауды нығайту және жастарды жұмыспен қамту мақсатында мемлекет 2009 жылдан бері «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын іске асыруда.



Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдық елді мекендерді ұстаз, дәрігер, инженер секілді қажетті мамандықтармен қамтамасыз ету. Бұл арқылы жұмыссыз жастардың санын азайтып, ауылдардың дамуын қамтамасыз ету көзделген. Ауылдарға жіберілген мамандар тұрғындардың денсаулығын жақсартып, білім сапасын арттыруға, сондай-ақ, жастардың ауылға оралуына ықпал етеді.

Мәселен, Масаншы ауылдық ауруханасында еңбек етіп жүрген Айжан Есенжанқызы – бағдарлама аясындағы мүмкіндік пайдаланған жас дәрігерлердің бірі. Ол Меркі ауданының тумасы, 2014-2021 жылдары Алматы қаласындағы С.Д.Асфендияров атындағы медициналық университетінде «жалпы тәжірибелік дәрігер» мамандығын меңгеріп, алғашқы еңбек жолын Қордай аудандық орталық ауруханасында бастады. Оның жұмысы, ауыл халқына сапалы медициналық көмек көрсетуі науқастар тарапынан жоғары бағаланды.

Бұл ретте, 2026 жылдың наурыз айынан бастап Масаншы ауылдық ауруханасында жалпы тәжірибелік дәрігер қызметіне ауысты.

Бағдарлама аясында мемлекет тарапынан тұрғын үй алуға қаржылай көмек және аудан әкімдігі мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы тара-

пынан көтерме жәрдемақылармен қамтамасыз етілді.

Жас дәрігердің қызметі – ауылдағы медициналық қызмет сапасының өркендеуіне, жастардың ауылға оралуына түрткі болары анық.

«Менің медициналық мамандықты таңдауымда ауылдағылардың денсаулығын жақсарту, оларға көмек көрсету ниеті басты рөл атқарды. Бала кезімнен медицина саласына қызықтым, әрі ауылдық медицинаның дамуында өз үлесімді қосу арманым еді. Университетті аяқтаған соң, мен Қордай аудандық орталық ауруханасына жұмысқа тұрдым. Бұл жерде алғашқы тәжірибемді жинай отырып, көптеген пациенттермен жұмыс істедім. Ауылдық ауруханаларда диагноз қою және емдеу әдістері қаладағыға қарағанда анық мақсат қоюды талап етеді, сол себептен мен өзімді кәсіби тұрғыдан жетілдіруге әрдайым ұмтылдым», - дейді жас дәрігер.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы ауылдардың әлеуетін арттыруға, жастардың еңбек нарығында өз орнын табуға, сондай-ақ, ауылдық елді мекендерде өмір деңгейін жақсартуға бағытталған ауқымды жоба. Ауылдық жерлердегі кадрлар тапшылығын жеңу үшін мемлекеттік қолдау мен ынталандыру, жастарды ауылға тарту барысында ерекше мәнге ие.

«2026 жылдың наурызында Масаншы ауылдық ауруханасына келгенде, маған жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Ауыл халқымен тығыз байланыса отырып, олардың денсаулық жағдайын терең түсінуге мүмкіндік алдым», - дейді Айжан Есенжанқызы.

Аталған жоба еліміздің ауылдарына жаңа серпін мен мүмкіндіктер беріп, ауыл тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған. Осылайша, мемлекеттік бағдарламалар жастардың ауылда жаны жарқын, белсенді өмір сүруіне ықпал етіп, еліміздің болашағын нығайтуға мүмкіндік туғызуды жалғастыруы тиіс.

ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ДЕНСАУЛЫҚ

Мейірім мен шипаның мекені

Масаншы ауылдық округі аудан орталығынан небәрі 50 шақырым жерде орналасқан. Бұл елді мекенде 18 мыңнан астам тұрғын тіркелген. Осыған байланысты Масаншы ауылдық ауруханасының маңызы артып, соңғы жылдары жаңа дамуға бет бұрып келеді. 2023 жылдың 20 қазанында ауруханаға қосымша ғимарат құрылысы басталды. Бұл жоба 2024 жылдың қазанында аяқталып, заманауи стандарттарға сай дәрігерлік қызмет көрсетуге мүмкіндік берді.

Аурухананың қызмет көрсету аясы кеңейіп, ересектер мен балаларға дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсетіледі. Бұл қызметтер кәсіптік түрде жүргізіледі, сондай-ақ, аурухананың қуаттылығы бір ауысымда 105 адамды қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш ауыл тұрғындары үшін өте маңызды, себебі, медициналық көмекке деген сұраныс артып отырған кезеңде, халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін мұндай қуаттылық аса маңызды.



Ғимарат заманауи нормаларға сәйкес жабдықталған. Мұнда пациенттерді қабылдау кабинеті, процедура бөлмесі, дезинфекциялық құралдарды сақтау бөлмесі және құту залы бар. Аурухананың жаңа ғимараты сапалы медициналық көмек көрсету үшін қажетті барлық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, аурухана жоғарғы expertтік класстағы ультра-дыбыстық зерттеу құрылғысымен, соңғы модельдегі электрокардиография құрылғысымен, физио-терапевтік құрылғылармен, сондай-ақ клиничко-диагностикалық зертханасы үшін қан мен зәр талдауларының анализаторларымен жабдықталған.

«Біз әр пациенттің жағдайына жіті назар аударамыз. Заманауи жабдықтардың арқасында, қажетті медициналық көмек көрсету мүмкіншіліктеріміз айтарлықтай артты», - дейді аурухана аға дәрігері Назира Тоқтыбаева.

Аурухана өзінің көп жылдық тарихы ішінде бірнеше кезеңдерден өткен. 2024 жылы қайта жаңғыртудан өткізіліп, жаңа ғимаратқа ие болды. Мекеменің штаттық құрамында 75 қызметкер бар, олар Масаншы, Күнбатыс-1, Күнбатыс-2 елді мекен тұрғындарына медициналық қызмет көрсетеді. Аға дәрігер Назира Әбдімәуленқызы аурухананың жұмысын ілгерілетуде белсенділік танытып, жергілікті халыққа сапалы қызмет көрсету мақсатында өз ұжымымен бірге белсенді жұмыс атқаруда.

«Жаңа ғимараттың ашылуы бізге ересектер мен балалардың медициналық қызмет алуын жеңілдетеді. Көмек сапасын арттырып, тұрғындардың қажеттіліктерін толыққанды қамтамасыз ету – біздің басты мақсатымыз», - дейді аға дәрігер.

Аурухананың дамуы, жаңа ғимараттың салынуы және заманауи құрал-жабдықтардың енгізілуі, халыққа медициналық көмек көрсету сапасын арттырып, тұрғындардың денсаулығын сақтау үшін маңызды рөл атқарады. Халық арасында медициналық қызметтердің қолжетімділігі артып, дәрігерлердің біліктілігі мен тәжірибесі тұрғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған.

Бетті дайындаған Ә.ҚҰТТЫБАЙ

2026 ЖЫЛҒЫ 23 ТАМЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОРДАЙ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНДЕ АРНАЙЫ CALL-ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛДЫ

ҚҰРЫЛТАЙ


23 августа



Call-орталықтың нөмірі: 8 (72636) 4-30-19.
Call-орталықтың жұмыс уақыты: сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін, түскі үзіліс – 13:00-ден 14:30-ға дейін.
Call-орталық арқылы сайлаушылар төмендегі мәселелер бойынша қажетті ақпарат ала алады:
– сайлау өткізу күні, уақыты және тәртібі;
– сайлау учаскесінің нөмірі мен орналасқан жері;
– сайлаушылар тізіміне енгізілуі туралы мәлімет
– үйде дауыс беру тәртібі;
– сайлау қатысу үшін қажетті құжаттар туралы ақпарат;
– қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де түсіндірмелер.

Азаматтарды белсенділік танытып, өздеріне қатысты мәліметтерді алдын ала нақтылауға шақырамыз.

Қордай ауданы әкімінің аппараты



САНИТАРЛЫҚ ТАЛАП – ҚАТАҢ ҚАҒИДА

Аудан әкімінің орынбасары Нұрболат Сатымқұлдың және Қордай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандарының қатысуымен Қайнар ауылы маңындағы айналма жол бойында орналасқан қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету нысандарында кезекті мониторинг және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара барысында кәсіпкерлерге санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау, азық-түлік өнімдерін қауіпсіз сақтау және өткізу, өндірістік бақылауды ұйымдастыру, ауыз судың сапасын

тұрақты бақылау, сондай-ақ қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексеруден өту тәртібі бойынша жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар нысандардағы құжаттамалардың жүргізілуі мен қолданыстағы талаптардың орындалу деңгейі зерделенді.

Мониторинг нәтижесінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама бермеген кәсіпкерлік субъектілерімен жеке түсіндіру жұмыстары өткізіліп, заң талаптарына сәйкес тиісті тіркеу рәсімдерін аяқтау қажеттігі түсіндірілді. Аталған бағыттағы жұмыстарды ретке келтіру үшін кәсіпкерлерге бір ай мерзім берілді.

Айта кетейік, осындай мониторинг және түсіндіру жұмыстары ағымдағы жылдың сәуір айында да жүргізілген болатын. Сол кезде берілген ұсынымдар мен түсіндірмелер нәтижесінде бірқатар мәселелер оң шешімін тауып, кәсіпкерлер тарапынан санитариялық талаптарды сақтау бағытында нақты жұмыстар атқарылғаны байқалды.

Жүргізілген түсіндіру жұмыстары халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіпкерлік нысандарда санитариялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады.

МАМАН ЕСКЕРТЕДІ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕНІЗ...



Тұрғын үйлер және пәтердегі өрт оқиғалары көбінесе сол үйде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады. Сұрапыл апатты құбылыс жылдар бойы жиылған мүліктерді аяусыз жойып, адамдарға қайғы-қасірет әкелуде. Көбінесе өртке себепші өздері, олардың көршілері, балалары болып жатады.

Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептер: тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде, пештердің дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, мас күйінде темекі тарту салдарынан, сонымен қатар электр өткізгіштерін дұрыс жүргізбегендіктен болып отыр. Егер Сіздің үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе тез арада электр маманын шақырыңыз.



ЕСІНІЗДЕ САҚТАНЫЗ:

Өртті болдырмау үшін Сізге мынадай өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған жөн:

- Электр және газ құралдарын қосулы күйінде қалдырмаңыз, сондай-ақ оған балаларды жақындатпаңыз;
- Уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбаңыз;
- Электресеппегіштердегі электрсақтандырғыштар зауыттан дайындалған болуы тиіс;
- Үлкен көлемдегі электр құралдарын бір уақытта қосып электр жүйесіне күш түсірмеңіз;
- Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолданбаңыз;
- Сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
- Белмені жылытуға бейберекет қолдан жасалған электр-жылытқыш құралдарын қолданбаңыз;
- Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы

101-ге хабарласыңыз.

Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау – Сіздің үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайды.

М. ӨТЕЛБАЙ,

Қордай аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері

БАЙҚАУ

«Ұлт ұстазы – Ыбырай»

Қордай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты жасөспірімдер мен балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Балауса» балаларды сауықтыру лагерінде қазақтың тұңғыш ағартушысы, ұлы педагог Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына арналған «Ұлт ұстазы – Ыбырай» атты шығармашылық байқауы өтті.



Байқаудың мақсаты – жас ұрпақтың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын насихаттау және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Байқау үш кезең бойынша ұйымдастырылып, қатысушылар өз білімдері мен шығармашылықтарын жоғары деңгейде көрсетті. Байқауға 9 үміткер қатысып, олардың өнерін «Балауса» лагерінің аға тәлімгері Жазира Абдибакиева мен Қордай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының міндетін атқарушы Альбина Махамбетова Қалжоннова бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша:

Бас жүлдеге Владимир Ретинский, I орынға Амина Бозымбекова, II орынға Алина Жұматай, III орынға Абу Сарсенбай ие болды.

Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, Ыбырай Алтынсариннің мол мұрасын дәріптеуге ықпал етеді.

Дилназ БАЯНБАЕВА, Қордай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты жасөспірімдер мен балалар кітапханасының әдіскері

ХАБАРЛАМА

«Спецпоставка Абсолют» ЖШС «ҚР Жамбыл облысындағы Қордай учаскесінде сирек, түсті және бағалы металдарды барлау жоспары (ҚПҚ арналған №5761 келісімшартқа сәйкес)» жобасының «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 2026 жылғы 27 тамыз күні сағат 10:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Мұзбел ауылының медициналық бекет ғимаратында өткізіледі. Тыңдауға онлайн қосылу үшін: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=984807369888>. Идентификатор: 984-807-369-888.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-ң <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО Жамбыл облысының ТРЖТПРБ сайтында танысуға болады.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы <https://hearings.ndbecology.gov.kz> немесе s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасы арқылы бере алады, ал қағаз түрінде келесі мекенжайы бойынша бере алады: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш., 133 «А» үй, тел. 8-7262-45-15-03. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізетін мемлекеттік мекеме - Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.

Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы - «Спецпоставка Абсолют» ЖШС, ЖСН 051140009543, ҚР, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, тел. +7-771-765-6299.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

ХАБАРЛАМА

«Спецпоставка Абсолют» ЖШС «ҚР Жамбыл облысындағы Қордай учаскесінде сирек, түсті және бағалы металдарды барлау жоспары (ҚПҚ арналған №5761 келісімшартқа сәйкес)» Шығарындыларға рұқсат беру туралы нормативтік құжаттар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 2026 жылғы 27 тамыз күні сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Мұзбел ауылының медициналық бекет ғимаратында өткізіледі. Тыңдауға Онлайн қосылу үшін: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=999315105748>. Идентификатор: 999-315-105-748.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-ң <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО Жамбыл облысының ТРЖТПРБ сайтында танысуға болады. Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы <https://hearings.ndbecology.gov.kz> немесе s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасы арқылы бере алады, ал қағаз түрінде келесі мекенжайы бойынша бере алады: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш., 133 «А» үй, тел. 8-7262-45-15-03. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізетін мемлекеттік мекеме - Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.

Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы - «Спецпоставка Абсолют» ЖШС, ЖСН 051140009543, ҚР, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, тел. +7-771-765-6299.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

ӘНГІМЕ

АЯЛДАМА



жер де салқын. Суық тиіп қалмай ма?, - деп кібірттей сөз бастады қария.

-Жоқ, ештеңе етпейді, деп суық жауап берді келіншек.

-Отбасың, әке-шешен бар ма?

-Бар, әрине.

-Мм, дұрыс екен.

Біраз үзілістен кейін қасында отырған келіншек өзі сөз бастады.

-Әкем бар. Жасынан өте мәдениетті, елге сыйлы азамат болған. Бәрімізді бағып-қағып өсірді. Анам қайтқаннан кейін тым тұйықталып қалды, тіпті жан-жағына, біздерге назар аудармайтын болды. Бұрынғы, үнемі көңілді жүретін, жан-жағын күлкіге қарық қылатын, балаларын жанындай жақсы көретін, немерелері үшін жанын беруге даяр тұратын әкемді сағынам қазір.

-Сонда әкеңіз көшіп кетті ме?

-Жоқ, көшкен жоқ, жаны, ойы бізбен емес. Тым алыста. Оны өзі де білмейді. Кейде, тіпті жас бала сияқты болып қалғанын көргенде жанымды қоярға жер таппаймын, - деген келіншек жылап жіберді.

-Қой айналайын, жылама, - деп жұбатпақ болған қария қапелемде одан ары не айтарын білмей қалды.

-Менің де балаларым бар, мен де оларды...

Менің балаларым бар ма? Қайда олар? Мен неге мұнда отырмын? Менің әйелім қайда?

Бір сәт бар дүние зымырай айналып, ары-бері жүрген адамдар, жеңілген көлік, айнала ағаштар дөңгеленіп кеткендей болды. Әне-міне құлап қалатындай болған, әлгі келіншек келіп қолынан сүйей берді.

-Папа, кеттік үйге. Жаурап қалдың. Қан қысымың түсіп кетті ғой. Үйге барайық.

Келіншек жүзіне аңтарыла қараған қария: «Папасы несі, не айтып тұрсың қарағым, қандай үй?».

Бірақ, қарсылық танытпады.

Зуылдаған көлік, қаланың шуы естіліп тұрған жоқ. Арттағы өмір, қазіргі беймәлім шақ, алдағы күндер. Суға жазылған сөздей. Ізі жоқ.

Үлкен автобустан адамдар түсіп жатты, бірі мініп кетіп барады.

Аялдама. Алмасқан аласапыран дүние...

Жандос ОМАРОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУ

ОРТАҚ МІНДЕТ

Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кәмелетке толмағандардың еңбегі қатаң реттеледі. Балаларды ауыр, зиянды және қауіпті жұмыстарға тартуға, сондай-ақ олардың денсаулығы мен дамуына кері әсер ететін қызмет түрлеріне жол берілмейді.

Әрбір жұмыс беруші мен ата-ана бала құқықтарының сақталуына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың білім алуына, демалуына және жан-жақты дамуына жағдай жасау - ортақ міндет. Заң талаптарын сақтау арқылы өскелең ұрпақтың жарқын болашағын бірге қалыптастырайық!

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ЖҰМЫСҚА ТАРТУҒА ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың жұмысқа тартылуы еңбек заңнамасына сәйкес қатаң реттеледі және бақылауға алынады.

НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР:
Еңбек шарты:
• 16 жасан бастап — өз бетінше;
• 15 жасан бастап — негізгі, орта немесе жалпы орта білім алған жағдайда және ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен;
• 14 жасан бастап — оқудан бос уақытта және ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен жасалады.

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА
ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**
• ауыр, зиянды және қауіпті жұмыстарға;
• түнгі уақыттағы жұмыстарға;
• үстеме жұмыстарға;
• ойын-сауық, алкоголь және темекі өнімдері саласындағы жұмыстарға.

**ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ
ҰЗАҚТЫҒЫ:**
• 14–16 жас аралығы — аптасына 24 сағаттан аспауға тиіс (24 сағат/апта)
• 16–18 жас аралығы — аптасына 36 сағаттан аспауға тиіс (36 сағат/апта)

**ЖҰМЫС БЕРУШІ
МІНДЕТТІ:**
• еңбек шартын жасауға;
• қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге;
• жұмыс уақытының шектеулерін сақтауға;
• жалақының уақытылы төлеуге.

Сұрақтар бойынша: Жамбыл облысының Еңбек инспекциясы департаментіне хабарласыңыз:
8 (7262) 45 15 31
8 (7262) 43 01 96

**БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ –
БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ!**
Заңды сақтайық – балалардың болашағын қорғайық!

Еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар туралы хабарлаңыз:
8 (7262) 45 15 31
8 (7262) 43 01 96

6 ҚОРДАЙ ШАМШЫРАҒЫ

ХАБАР

ДҮЙСЕНБІ 20 ШІЛДЕ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
05.45 «МАҢДАЙ ТЕР»
06.50 «ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»
08.00, 23.00 КОНЦЕРТЫ
10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРА-МЫН»
13.00 «ОЙНАІО»
14.00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БАРБОСКИНЫ»
15.00 «ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ»
15.30 СЕРИАЛ «РАЙСКОЕ МЕСТО»
19.00 «НОВОСТИ»
19.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАБ-БАТЫ»
21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА»

СЕЙСЕНБІ 21 ШІЛДЕ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
05.45 «МАҢДАЙ ТЕР»
06.50 «ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»
08.00, 23.00 КОНЦЕРТЫ
10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРА-МЫН»
13.00 «ОЙНАІО»
14.00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БАРБОСКИНЫ»
15.00 «ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ»
15.30 СЕРИАЛ «РАЙСКОЕ МЕСТО»
19.00 «НОВОСТИ»
19.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАБ-БАТЫ»
21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА»

СӘРСЕНБІ 22 ШІЛДЕ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
05.45 «МАҢДАЙ ТЕР»
06.50 «ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»
08.00, 23.00 КОНЦЕРТЫ
10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРА-МЫН»
13.00 «ОЙНАІО»
14.00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БАРБОСКИНЫ»
15.00 «ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ»
15.30 СЕРИАЛ «РАЙСКОЕ МЕСТО»
19.00 «НОВОСТИ»
19.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАБ-БАТЫ»
21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА»

БЕЙСЕНБІ 23 ШІЛДЕ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
